

**Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 шілдедегі № 57/10 "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 қазандағы № 30/25 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 қарашада № 30380 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 7/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 14.11.2023 № 7/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шиелі аудандық мәслихатының "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 шілдедегі № 57/10 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7580 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған, әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген, әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

6-тармақтың 1) тармақшасының үшінші және сегізінші абзацтары жаңа редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қимылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол учаскелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылысжайларында жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия

мен флоттың әскери қызметшілеріне, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілеріне, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілерге- 1 000 000 (бір миллион) теңге және 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер - 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

7-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) өмірлік қиын жағдайда, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігі шектеулі деп танылған азаматтар (отбасыларға):

туберкулез ауруымен диспансерлік есепте тұрған адамдарға әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, ай сайын 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады;

аплазиялық анемиямен диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне әлеуметтік көмек ай сайын жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай 7,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады;

адамның иммундық тапшылығы вирусынан туындаған диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 (екі) еселенген мөлшерінде ай сайын тағайындалады;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға санаторий-курорттық емделуге әзірленген абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жылына бір рет ілесіп жүрушінің шығындарына әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі аудандық мәслихат хатшысы*

*Т. Жағыпбаров*